


Кәсіподақ комитетінің
төрағасы


29.08.2023ж



**ЖШС «ADAN мектебінің»
2023-2024 оқу жылына арналған
өндірістік жұмыс жоспары**

Шымкент-2023 жыл

Мектептің 2022-2023 оқу жылына талдау

Мектеп миссиясы: білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес оларға кең ауқымда және тереңдете білім беру және шығармашылық мүмкіндігін ашу болып табылады. Білім беру бағдарламалары пән мазмұндарын сапалы игеруді қамтамасыз ету, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, білім мен дағдылардың негіздерін игерту, оқу пәні материалдары негізінде білім алушылардың интеллектуалдық деңгейін дамытуға бағытталды. Оқушылардың ғылыми жұмыс дағдыларын меңгерулеріне ықпал етті.

2022-2023 оқу жылына жоспарланған пәндер бойынша оқу және тәрбие бағдарламалары толық орындалды. Kundelik.kz электронды журналдары өз уақытында толтырылып келді. Электронды журналды толтыру барысында барлық мұғалімдерге әдістемелік көмек берілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 Бұйрығын басшылыққа алынып, жұмыстар жүргізілді.

Озық педагогикалық тәжірибе тарату динамикасы

	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Авторлық оқу құралдарының, бағдарламаларының саны	-	-	-
Республикалық	-	-	-
Қалалық	-	-	-
Мектепшілік	-	-	-
Педагог қызметкерлердің семинар, конференцияларда тәжірибе тарату саны	-	-	-
Халықаралық	-	-	-
Республикалық	-	-	-
Қалалық	-	-	-
Мектепшілік	-	-	-

Мұғалімдердің жаңа форматта аттестаттау динамикасы

Санаты	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Педагог – шебер	1	1	1
Педагог – зерттеуші	3	3	3
Педагог – сарапшы	6	6	7
Педагог-модератор	3	3	5

МЕКТЕПТІҢ ТАҚЫРЫБЫ:

Сапалы білім бере отырып, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелейтін мектеп
(Оқушыларды, оқыту, тәрбиелеу, дамыту барысында білікті тәсілдерді меңгерту арқылы білім сапасын жетілдіретін мектеп)

2023-2024 оқу жылының тақырыбы:

Білім сапасын арттыруда инновациялық әдіс-тәсілдерді оқу үдерісіне енгізуді жетілдіре отырып, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу.

МАҚСАТЫ:

Оқыту мен оқуда жаңа әдіс – тәсілдерді тиімді қолдана отырып, жан-жақты психологиялық –педагогикалық жағдай туғызу арқылы білім сапасын көтеру, шығармашылық әлеуетін және жеке тұлғаның бәсекеге қабілетін дамыта отырып, еліміздің зиялы, патриоттық рухы мығым және рухани дамыған азаматын қалыптастыру.

МІНДЕТТЕРІ:

- 2023-2024 оқу жылының басты міндеті – білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыру;
- Мемлекеттік стандарт бойынша қазақ, орыс тілдерінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарын жүзеге асыру;
- Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу; (2-4 сыныптар)
- Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- Цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;
- Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру;
- Оқушылардың әлеуметтену мүмкіндіктерін кеңейту, білім беру бағдарламаларын игеруге дайындау тиімділігін арттыру.
- «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру.

I бөлім 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша педагогикалық сараптама ...	4
Жаңа оқу жылының мақсаты мен міндеттері.....	
II бөлім Жалпыға бірдей міндетті орта білім алуға бағытталған мектептегі ұйымдастыру қызметі.....	
- Жалпыға бірдей заңын жүзеге асыру.....	12-13
- Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру.....	14
III бөлім Педагог кадрлармен жұмыс.....	
- Әдістеме жұмысының жылдық жоспары.....	15-17
- Мұғалімдердің біліктілігін көтеру.....	18
- Жас мұғалімдер мектебінің жұмыс жоспары.....	18
- Озық педагогикалық іс-тәжірибені зерттеу, жинақтау, тарату.....	19
- Педагог кадрларды аттестаттау.....	20
- Өз білімін жетілдіру.....	21
IV бөлім. Педагогикалық ұжымның білім беру процесін жетілдіруге бағытталған жұмыс.....	
- Дарынды балалармен жұмыс.....	21-22
- Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс.....	23
- Білім сапасын көтеру мақсатында жүргізілетін іс-шаралар.....	23-24
V бөлім Педагогикалық ұжымның тәрбие жұмысын қалыптастыруға бағытталған іс- әрекеттер.....	
- Кешенді тәрбие жұмысына арналған іс- жоспары.....	25-26
- Ата-аналармен жұмыс.	27-29
- «Қамқоршылық» кеңесінің жылдық жоспары.....	30-31
VI бөлім. Мектепті басқару.....	
- Педагогикалық кеңес.....	32-33
- Директор жанындағы кеңес.....	33-36
VII бөлім. Мектепшілік бақылау жүйесі.....	
- Мектепшілік бақылау мен басшылық жасаудың кестелік жоспары.....	37-52
- Мектеп жұмысының жылдық циклограммасы.....	52-53
VIII. Оқу-материалдық базаны нығайту.....	
- Қаржы және материалдық базаны нығайту жоспары.....	54-58
IX. Педагогикалық ұйымдастыру іс-шаралары.....	
- Жұмыс жоспарлары	59-85
- Педагогикалық ұйымдастыру іс-шаралары.....	86-88
- Әкімшіліктің міндеттерін бөлу.....	88-103

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша педагогикалық сараптама

Мақсаты:

- Мектептің әдістемелік жұмыстарының ұйымдастырылуы, жетістіктері, мәселелері мен кемшіліктерінің деңгейін анықтау.

Мектептің жеткен жетістіктеріне әдістемелік жұмыстың әсерін бағалау. Қазіргі мектептің жұмысында ғылыми-әдістемелік жұмыстардың алатын орны ерекше. Оқу және тәрбие процесіндегі жұмыстардың дұрыс жолға қойылуы, проблемалық мәселелерді мезгілінде талдап, жинақтау педагогикада үлкен нәтиже береді. Ұжымның алдына қойылған нақты мақсаттары жетістікке жетудің басты бағыты. Мектептің әдістемелік жұмысы мамандардың кәсіби дайындықтарының шынайы деңгейі арқасында, яғни мектепшілік бақылау, бағалау, кадрларды аттестаттау нәтижесінде құралады.

Әдістемелік жұмыс білім берудің, тәлім берудің және оқушылардың нақты дамуының белсенді, оптимальді жетістіктеріне жетуге бағытталған.

Осыдан келе, 2023-2024 оқу жылында мектептің педагогикалық ұжымы алдында келесі мақсат-міндеттер тұрды:

1. Мұғалімнің ғылыми-теориялық дайындығының деңгейін жоғарылату;
2. Білім берудің сапасын жақсарту;
3. Педагогтардың педагогикалық және әдістемелік шеберліктерін көтеру;
4. Педагогтардың жаңашыл педагогикалық технологиялармен және мониторинг жүйесімен жұмыс істеу нәтижесін дамыту;
5. ББЖМ сынақтарына оқушыларды сапалы дайындау;
6. АКТ қолданудың дұрыс жолға қойылуы;

Өткен оқу жылында әдістемелік жұмыстың қажетті формалары болып:

- өзін-өзі жетілдіру;
- өзара сабаққа ену арқылы әдіс алмасу;
- шығармашылық топпен жұмыс;
- өзін-өзі бағалау;
- педагогтардың шығармашылығын бағалау;
- мектептің әдістемелік бірлестіктеріндегі жұмысқа қатысуы;
- пән апталықтары;
- теориялық, практикалық семинарлардың оқытылуы

Әдістемелік шығармашылықтың бағыты, әдістемелік проблемалар	Есеп беру аралығындағы шығармашылық нәтижелер	Проблемалардың анықталуы және 2023-2024 оқу жылындағы, оларды шешу (болдырмау) жолдары.
Оқу процесіндегі ғылыми-әдістемелік қажеттілік Мақсаты: Оқу процесіндегі ақпараттық-әдістемелік деңгейді анықтауды қамтамасыз ету		

Мектептің әдістемелік тақырыбымен жұмыс	Әдістемелік қызметтің негізі болып, әдістемелік тақырып бірлескен жұмыс болып табылады. Мектептің әдістемелік тақырыбы мектеп ұжымының алдында тұрған мақсат-міндеттерге сүйене отырып анықталады. Тақырып әртүрлі деңгейде талқыланды: - әдістемелік кеңестің жұмысы; - бірлестіктердің жұмысы; - «Озат тәжірибе мектебі» және «Жас мұғалімдер (жас мамандар) мектебі» жұмыстары; - әдістемелік тақырып бойынша мұғалімдердің практикалық жұмысы; - шығармашылығы; - есебі. - әр бірлестіктердегі жұмыс, өзара әдіс алмасу, тәжірибе бөлісу бойынша қарастырылды.	Білім беру сапасын жоғарылату ең маңызды мәселелердің бірі болып қала береді. Білім берудің сапасыздығы кейбір жекеленген мұғалімдердің оқу процесіндегі, білім берудегі кемшіліктерімен байланысты. Сондықтан, педагогтардың өз білімін жетілдірудегі сапалы тұстарын қарастырып, дұрыс жолға қою қажет.
Мұғалімнің ақпараттық компетенттілігін арттыру	2023-2024 оқу жылында мұғалімдердің ғылыми- әдістемелік және теориялық білімдерін арттыру мақсатында бірнеше дәстүрлі іс-шаралар өткізілді: - әдістемелік нұсқау хаттармен мұғалімдерді таныстыру; - нормативтік іс-құжаттармен таныстыру; - техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру; - жұмыс бағдарламаларының іс-жоспарын дұрыс құру. Оқу процесінің қатысушыларына арналған нормативті құжаттар, құқықтары мен міндеттері жайлы ақпараттар берілді.	
Оқу процесінің бағдарлы-әдістемелік қамтылуы	Жыл бойы бағдарлы әдістемелік қамтылудың жүйелі жұмысы жүргізілді. Барлық пәндер бойынша оқу жоспарының орындылуына көңіл бөлінді. Сабақ кезіндегі және сабақтан тыс кездегі әдіс-тәсілдердің әдістемелік нұсқаулықтары өңделді.	Қазіргі заман талабына сай бағдарламалар мен оқулықтардың дұрыс жолға қойылуы мен жоспарлануы мақсатында мемлекеттік стандарттың дұрыс орындалуы қажет. Бірнеше мұғалімдерге бағдарламаны дұрыс түзуге әдістемелік кеңес берілді.

Мектептің бірлескен ақпараттық кеңістігінің құрылуы.	Жыл бойына мұғалімдерді ақпараттандыру, оқытудың ақпараттық технологияларын жетік меңгеру мақсатында мектептің бірлескен ақпараттық кеңістігі құрылды, осы бойынша жұмыстар жүргізілді. Педагогтар мен оқушылар, ата-аналар компьютерлік техниканы меңгеру жобасына қатысты.	Мектептің бірлескен ақпараттық кеңістігінің құрылымын әлі де дұрыс жолға қою қажет.
Әдістемелік қызметтің жұмыс барысы Мақсат: Мақсат-міндеттерді шешудегі ғылыми әдістемелік кеңес жұмысының нәтижелілігі		
1.Әдістемелік кеңес жұмысы	2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік қызмет құрылымы әдеттегідей болды (әдістемелік кеңес, пән әдістемелік бірлестіктері, сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі), себебі бұл жүйе педагогикалық ұжымның жұмысын тиімді жүргізуге негізделеді. Жыл бойына әдістемелік кеңес мектептің әдістемелік тақырыбының, жалпы әдістемелік жұмыстың мақсаты мен міндеттерінің жұмысын қарады. Мектептің әдістемелік жұмысының хал-жағдайын сараптап, қорытындылады. Пән әдістемелік бірлестіктерінің жұмысының есебін тыңдады. Әдістемелік кеңес өз тарапынан оқу үлгерімін, білім сапасын, мұғалімдердің мемлекеттік оқу стандартын орындауын қадағалап, бақылап отырды. Мектепшілік бақылаудың дұрыс ұйымдастырылуына басшылық жасай отырып, жылдық, тоқсандық, жартыжылдық есептері алынып, талқыланып отырды. Әдістемелік кеңестің барлық отырысы жоспарға сәйкес жүргізілді.	
2. Әдістемелік пән бірлестіктерінің жұмысы арқылы әдістемелік жұмысты ұйымдастыру	Мектепте бір үлкен әдістемелік бірлестік жұмыс атқарады: Мектеп бірлестік жетекшілері бес бағытта жұмыс атқарды: 1.Педагогтардың ғылыми-әдістемелік теориялық білім деңгейін көтеру; 2. Білім берудің сапасын арттыру; 3. Оқу үлгерімін бақылау; 4. Сабақтан тыс жұмыстар; 5. Бірлестік отырыстары. Мектептің бірлестік жұмысы педагогтардың кәсіби өсуі мен оқу-тәрбие процесіндегі тереңдетілген білімдерін нығайтуға негізделеді. Бірлестік отырыстарында сабақ берудің әдіс-тәсілдері, семинарларға қатысу және өткізу; пән апталықтарының өтілуі, барысы; байқауларға қатысу; жаңа әдістемелік нұсқаулықтардың маңызы қаралып отырды.	Қазіргі заман талабына сай, жаңа әдістемелік жұмыс формаларын қарастыру, жұмысқа жас мамандарды тарту, бірлестік жұмыстарын күшейту қажет.
3. Сабақ беру үрдісіне жаңа технологияларды ендіру	Соңғы кездері оқу-тәрбие процесінде білім берудің жаңа технологияларын пайдалану жақсы жетістіктерге жетуде. Өткен оқу жылында мұғалімдердің компьютерлік сауаттылығын	Барлық ұстаздарды компьютерлік сауаттылыққа тарту қажет. Бұл

	арттыру бойынша қызу жұмыстар атқарылды. Жаңа технологиялар бойынша мектептің барлық ұстаздары мәлімет алған. 100%–ға жуығы компьютерлік сауаттандырылған. 24 мұғалім интербелсенді технология бойынша сертификатталған. Мультимедиялық кабинетті дұрыс пайдалану, интерактивті тақтамен жұмыс дұрыс жолға қойылған. 100% –ға жуық мұғалім өз бетінше мультимедиялық слайдтар жасай алады.	қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруда кері әсерін тигізуде.
4. Мектепшілік бақылау	Оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспары «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту 13 туралы» ҚР БҒМ-нің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының 17-қосымшасына сәйкес дайындалады https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317 .	Оқыту процесінің сапасын арттыру, педагогтерде және білім алушыларда кездесетін проблемаларды зерделеу мақсатында мектепшілік бақылауды күшейту қажет.
5. Пед.кеңестер, семинарлар, дөңгелек үстел, конференциялар және т.б.	Жыл бойына жоспарға сәйкес пед.кеңестер өтілді. Жыл бойына екі рет мұғалімдермен әдістемелік пікірталас, дөңгелек үстел ұйымдастырылып өтілді.	Мұғалімдердің шығармашылық жұмыстарына көңіл бөлініп, ізденіс жұмыстарын нығайту қажет.
“Озат тәжірибе мектебінің” жұмысы Мақсат: педогогикалық ұжымның кәсіби деңгейін түрлі іс-шаралар арқылы арттыру		
1. Педогогикалық ұжымның кәсіби деңгейін арттыру	“Озат тәжірибе мектебінің” міндеті ұстаздардың кәсіби деңгейін арттыру. “Озат тәжірибе мектебінде” мұғалімдерді нормативті іс-құжаттармен жұмыс жүргізудің әдіс-тәсілдері үйретіледі. Мектептің жұмыс барысы мен отырыстарында әртүрлі тақырыптағы баяндамалар, лекциялар тыңдалып, талқыланды. Мектептің негізгі бағыты сабақ беру үрдісіне жаңа технологияны ендіру, «Кембридж» тәсілі және «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» жобасының элементтерін пайдаландыру.	Әр түрлі формада алдыңғы педагогикалық іс-тәжірибелермен әдіс алмасу қажет.
2. Педогогтардың өзін-өзі жетілдіруі, портфолияларының жинақталуы	Педогогтардың өзін-өзі жетілдіруінің тақырыптары мектептің әдістемелік тақырыбына сәйкес келеді. Арнайы мұғалімнің портфолио жинақтау ережесіне сәйкес өздерінің бүкіл жұмыс және жетістіктерін педагогтар портфолиоларына жинақтады.	Өзін-өзі жетілдіру және мұғалімдердің портфолиосын жинақтауды бақылауды нығайту.
3. Оқушыларды ББЖМ –ға дайындық.	Осы оқу жылындағы негізгі мәселелердің бірі, 4-сыныпты ББЖМға дайындық жұмыстары жүйелі жүргізілді. Мұнда ата-аналармен оқушыларға жүргізілген нормативті ережелердің таныстырылуы мен педагогтік-психологиялық жұмыстар жүргізілді.	Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық және математикалық сауаттылық пәндерінің нәтижесі төмен

		болғандықтан, оқушылардың осы пәндер бойынша білім сапаларын дамыту қолға алынуы қажет.
4. Алдыңғы педогогикалық тәжірибе алмасу.	Әдістемелік жұмыстың негізгі бағыты, міндеті мұғалімдердің әдіс алмасуын және олардың шығармашылық потенциалын дамыту болып табылады. Педагогикалық іс-тәжірибені тарату барысында келесі тәсілдер қолданылады: -авторлық бағдарламалармен, нұсқаулардың түзілуі; - ашық сабақтар; - ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға қатысу; - бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;	Педагогикалық іс-тәжірибені таратудың мектептік банкі құру қажет.
“Жас мамандар” мектебі Мақсаты: кәсіби шебер мұғалім дайындау		
Жас мамандардың кәсіби маман болып қалыптасуына жағдай жасау	Мектептің педагогикалық ұжым құрамына жас мамандар да кіреді: - бастауыш сынып бірлестігінде 2 жас маман қызмет істеуде. Жас ұстаздарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында “Жас мамандар мектебі” ұйымдастырылған. Онда, келесі мәселелер қарастырылды: - білім берудің сапасын арттырудың факторлары; - қазіргі заман талабына сай сабақ берудің әдістері; - жаңа технологиялар құжаттармен жұмыс атқару; - тәрбие жұмысының қыр-сырлары; - өзара сабаққа ену; - өзін-өзі жетілдіру сияқты іс-шаралар жүргізіліп, сабақтарына қатысып, сараптамалар жасалып отырды. Кейбір жас мамандарымыз аз уақыттың ішінде қалалық, облыстық көлемдерде өздерін көрсетіп үлгерді.	“Жас мамандар мектебі” жұмысын жандандыру, әдістемелік қолдаудың жаңа әдіс-тәсілдерін қарастыру қажет.
Мұғалімдердің білімін жетілдіру деңгейін жоғарылату Мақсаты: педагогтардың шығармашылық динамикасының көтерілуін дамыту		
Білім жетілдірудің курстық жүйесі.	2023-2024 оқу жылында инклюзивті білім беру бойынша 2 мұғалім «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығынан екі апталық курсынан өтіп, сертификаттарын алды.	Жоспарлы мұғалімдердің курстан өтуін қамтамасыз ету.
Педагог кадрларды аттестаттау	2023-2024 жылы 13 мұғалім аттестатталды. Педагог-модератор біліктілігін санатын алды.	
Шығармашылық-тәжірибелік бағыт Мақсаты: Тәжірибелік жұмыстың нәтижелілігінің бағасы		
Оқушылардың ғылыми-практикалық	Дарын Орталығы ұйымдастырған мектеп оқушыларының пәндік олимпиадасына барлық	Оқушыларды олимпиадалар мен

жұмыстарға қатысуы.	сынып оқушылары қатысты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 Бұйрығын басшылыққа алынып, жұмыстар жүргізілді.	конкурстарға қатыстыруда мұғалімдердің қосымша сабақтар жұмысын күшейту қажет
Спортқа, салауатты өмір салтына баулу.	Мектебімізде спорт, салауатты өмір салтын ұстану мәселелері де күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселелердің бірі. Мектеп оқушылары түрлі спорт секцияларына қатысады.	Спорт саласынан жетістіктерді жоғарылату, оқушыларды түрлі спорт үйірмесіне баулу.
Оқу кабинеттері туралы мәлімет		
Оқу кабинеттері	Оқушының нақты және толық білім алуына мүмкіндік жасаудың алғы шарты - оқу кабинеттері. 1 спорт зал, 1 спорт алаңы, 1 күрес залы, 21 кабинетте интерактивті тақта жұмыс жасайды Мектеп толық интернет желісімен қамтылған.	

Қорытынды:

1. Мектептің әдістемелік тақырыбы және тақырыпқа байланысты әдістемелік бірлестіктің өзекті мәселелері негізгі міндеттерге негізделген, сәйкестендірілген. Әдістемелік бірлестік отырыстарында және педкеңесте мектептің педагогикалық ұжымының алдында тұрған келелі мәселелер кеңінен қарастырылып, шешімі табылып отырды.
2. Мектептің әдістемелік жұмысы үздіксіз, үнемі жүріп отыратын процес. Жылдан жылға мұғалімдердің кәсіби шығармашылық деңгейі өсуде.
3. 2023-2024 оқу жылында төмендегі көрсетілген мақсат-міндеттер орындалды:
 - дарынды және үлгермеуші оқушылармен жұмыс қарқынды жүргізілді;
 - пән мұғалімдері өздерін түрлі байқауларда, сайыстарда, ғылыми-шығармашылық жобаларда белсенді көрсете білді;
 - пән мұғалімдері сынып жетекшілерімен бірге оқу үлгерімі бойынша сапалы жұмыстар жүргізілді;
 - сабақ беру деңгейі жоғарылады;
 - мұғалімдер шығармашылықпен белсене айналыса бастады;
4. Ұжымдағы ынтымақтастық пен шығармашылық микроклимат шығармашылық дамуда өз ықпалын тигізуде.

Ұсыныстар:

1. Озат педагогикалық іс-тәжірибелерді жинақтауды жалғастыру;
2. Өзара сабаққа ену мен ашық сабақтар өткізуді дұрыс жоспарлау;
3. Мұғалімдерге әдістемелік көмек беретін әдістемелік нұсқаулықтар мен құралдарды сараптау жұмыстарын жүргізу;
4. Іс-тәжірибесі төмен мұғалімдерге үздіксіз әдістемелік көмек көрсетіп отыру;
5. Білім беру процесінің нәтижелілігінің мектепшілік мониторингін жасау жұмыстарын жүргізу;
6. Пәндерді игертудегі сапалы технологияларды жасап шығару, сапалы сабақ беру технологияларының мониторингін ұйымдастыру;
7. Пән апталықтарын өткізуді жоспарлау, өткізу;
8. Компьютерлік ақпарат құралдарының технологиясын оқушылардың білім деңгейін сауатты көтеру мақсатындағы бірден-бір құрал ретінде пайдалану;
9. Ұстаздардың жеке портфолиоларының жинақталуын қадағалауды жалғастыру;
10. Оқу, білім беру процесіндегі дидактикалық материалдар банкі мен ақпараттық қолдау банкіні құру және жүйелеу;

11. Мұғалімдердің кәсіби шығармашылық байқауларға қатысуына ықпал жасау.

**2023-2024 оқу жылындағы мұғалімдердің сапалық құрамының
мониторингі, диаграммасы**

Барлығы	37 мұғалім	Пайызы
Жоғары санатты		
Бірінші санатты		
Екінші санатты		
Санатсыз	21	56,75 %
Педагог		
Педагог-модератор	5	13,5 %
Педагог сарапшы	7	18,91 %
Педагог зерттеуші	3	8,10 %
Педагог-шебер	1	2,7 %

2022-2023 оқу жылы бойынша білім сапасының мониторингі

қ/с	сынып	барлығы	үздік	екпін ді	Орта- ша	Үлгерме- гені	бағалан баған	сапасы%	үлгерімі%
1	2	85	27	41	17	0	0	80 %	100%
2	3	114	27	67	20	0	0	82,46%	100%
3	4	54	12	31	10	0	0	81,13%	100%
Бар- лығы	2-4 сыныптар	252	66	139	47	0	0	81,35%	100%

2022-2023 оқу жылының соңында 2-4 сынып арасында жалпы оқушы саны 252 болды. Үздіктер 66, озат 139, қалған 47 оқушы орташа аяқтаған. Бұл оқушылардың білім сапасы 81,35 %, орта баға 4,5 болды.

Жалпы мектеп бойынша 81,35 %, орта баға 4,3 болды.

Биылғы 2022-2023 оқу жылында білім сапасы 0,3 % көтерілді.

**2023-2024 оқу жылының педагогикалық ұжымның
мақсаттары мен міндеттері**

Мақсаттары:

- Дүниежүзілік өркениеттің талабына сай дені сау, ұлттық сана сезімі қалыптасқан, рухани бай, ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, отансүйгіш, бойында жақсы игі қасиеттер қалыптасқан Қазақстан азаматы деген атаққа лайық болатын адам тәрбиелеу.
- Тәрбие барысында психологиялық жағынан жайдарлы, үйлесімділік ахуал қалыптастыру, жасөспірімдердің өзіне деген сенімін арттыру, қамқоршылық сезімін дамыту.
- Ұстаздардың біліктілік деңгейін арттырып, жаңашыл формацияның мұғалім тұлғасын дамыту.
- Сындарлы, интербелсенді әдіс - құралдары арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру.
- ҚР «Білім туралы» Заңына мемлекеттік саясат негізінде әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуына жағдай жасау және жеке тұлғаның дарындылығын дамыту.
- Диалогтік әңгімені дамыта отырып оқушылардың математика, ағылшын тілі пәндерді бойынша білім сапасын арттыру.

Міндеттері:

- Білім беру ісінің жаңартылуын басшылыққа ала отырып, оқыту мақсаттарына, оқушыға деген көзқарасты өзгерту.
- Мұғалімдерді білім беру жүйесіндегі инновациялық процестерге қатыстырып, олардың ғылыми деңгейін арттыру мақсатында педагогикалық, психологиялық жетістіктермен таныстыру, әлемдік үздік педагогикалық тәжірбиені зерттеу және еңгізу.
- Мұғалімдердің кәсіби шеберлік деңгейін арттыру жұмысын жетілдіру, педагогтардың қарым – қатынас біліктілігін, психологиялық – педагогикалық дағдысын жаңа талаптарға сәйкес қалыптастыру.
- Оқушыларды халықаралық TIMSS, PIRLS зерттеулеріне сапалы дайындау;
- Білім мазмұнын кеңейту арқылы төмендегі бағыттар бойынша жұмысты күшейту:
 - а) баланың мектеп талаптарына, қоғам талаптарына бейімделуі;
 - ә) ББЖМ -ға дайындық жұмыстарының сапасын арттыру;
 - б) балаларға тәрбие беру іс – шараларын жетілдіру;
 - в) үлгерімі төмен оқушылармен түзету жұмыстарының нәтижелілігін арттыру;
 - г) дарынды балалармен жеке жұмыс түрлерін жүйелеп жүргізу;
 - ғ) білім сапасының мониторингін жүргізу және талдау; жұмыстарының сапасын дамыту;
 - д) ҚР 2022-2027 жылдарға арналған мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасын жүзеге асыру;
 - е) «Жазғы мектеп» бағдарламасы бойынша оқу мотивациясы төмен білім алушыларға қосымша білім беру.

II бөлім. Мектептегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жүйесі

- «Жалпыға бірдей білім беру» Заңының орындалуы
- оқу-тәрбие процесінің ізгілендіру инновациялық іс-әрекеттерді енгізу арқылы бәсеке қалыптасытыру негізінде білім сапасын арттыруды іске асыру іс-шаралары
- жалпыға бірдей құқықтық оқытуды жүзеге асыру іс-шаралары.

Жалпыға бірдей оқу заңын жүзеге асыру жоспары

2023-2024 оқу жылы

№	Іс-шаралар	Қайда қаралады	Жауапты
	Тамыз		
1.	Сыныптарды топтастыру	ӘК	ДОІЖО Мырзакулов О.С.
2.	Оқушыларды мектепте тіркеу	ӘК	ДОІЖО Мырзакулов О.С.
3.	«Байқау күнінде» оқушылар тізімін сыныптар бойынша тіркеу	ӘК	ДОІЖО Мырзакулов О.С.
4.	Статистикалық есеп: сыныптардың толымдылығын анықтау	ӘК	ДОІЖО Мырзакулов О.С.
5.	Уақытша сынып журналын дайындау	ӘК	ДОІЖО Мырзакулов О.С.
6.	Мектептегі оқулықтар қорының сақталуы мен оқушылардың оқулықпен қамтамасыз етілуі дәрежесіне талдау.	5.09.дейін	ДОІЖО Мырзакулов О.С.
	Қыркүйек		
1	Келген-кеткен оқушыларды анықтау	ӘК	ДОІЖО Мырзакулов О.С.
2	Оқушыларды медициналық байқаудан өткізу. Мұғалімдердің санитарлық кітапшасын реттеу	Директор жанындағы кеңес	Медбике Орынбасар Р
3	Мектепте 1-4 сыныптар оқушылары, тұрмысы төмен, көпбалалы отбасыларынан шыққан, жетім, қамқоршылықтағы балалар үшін ыстық тамақ беруді ұйымдастыру	Директор жанындағы кеңес	ДОІЖО Мырзакулов О.С.
4	Балаларды қорғау, психологиялық көмектер беру	ӘК	Педагог-психолог П.Ө.Туғанбаева
5	Оқу жылының алғашқы апталарының ұйымдастырылуының қорытындысы. Мұғалімдердің күнтізбелік, жылдық және тәрбие жоспарларының толтырылуы мен бекітілуі.	Директор жанындағы кеңес	ДОІЖО Мырзакулов О.С.
	Қазан		
1.	Тұрмысы нашар, жетім балалардың тұрмыс жағдайына акт жасау	ӘК	ДОІЖО Мырзакулов О.С.
2.	Мектепте тиісті санитарлық-гигиеналық жағдай қалыптастыру. Өзіндік қызмет көрсету аймақтарын бөлу (жинау), мектеп бойынша кезекшіліктер ұйымдастыру.	Жылына екі рет	ДОІЖО Мырзакулов О.С.
3	Балалар денсаулығының жағдайын талдау, журналдардағы денсаулық парақтарын толтыру.	ӘК	ДОІЖО Мырзакулов О.С.
4	Жетім балалар және тұрмысы нашар отбасыларына жазылған акт бойынша қамқорлық инспекторының есебі	ӘК	ДОІЖО Мырзакулов О.С.

	Қараша		
1.	I жарты жылдағы қозғалыс есебі, II тоқсанның міндеттері білім сапасынның қорытындысы	педкеңес	ДОIЖО О.С.Мырзакулов
2.	Мектепте тиісті санитарлық- гигиеналық жағдай қалыптастыру. Кезекшілікті ұйымдастыру.	ӘК	ДОIЖО Мырзакулов О.С.
3.	Тәртібі қиын, қиынға бейім оқушылармен әңгіме жүргізу. Мақсаты: тәртібі мен білімін, сабаққа қатысуын қадағалау	ӘК	ДОIЖО Мырзакулов О.С.
5.	№2 формамен жұмыс. Оқушылар қозғалысы Бұйрық кітапшасымен жұмыс.	ӘК	ДОIЖО О.С.Мырзакулов
6.	Оқушылардың сабаққа кешігуі, қатысуы туралы апталық рейд ұйымдастыру (1-4 сынып)	Директор жанындағы кеңес	ДОIЖО Мырзакулов О.С.
	Желтоқсан		
1	Қорғаншылықтағы балаларға акт жасау, жан-жақты бақылау	ӘК	ДОIЖО Мырзакулов О.С.
2	Күнделік Кз платформасындағы журналдардың жүргізілуін тексеру	Директор жанындағы кеңес	ДОIЖО О.С.Мырзакулов
3	Дене шынықтыру сабақтарынан босатылған оқушылармен мейірбике және пән мұғалімдерімен жұмыс.	ӘК	ДОIЖО О.С.Мырзакулов
	Қаңтар		
1	I жарты жылдық қозғалыс есебін тапсыру	Педкеңес	ДОIЖО О.С.Мырзакулов
2	“Қамқорлық” акциясын өткізіп, қорытындылау	ӘК	ДОIЖО Мырзакулов О.С.
3	Сыныптарды топтастыру (титул қағазы)	ӘК	ДОIЖО О.С.Мырзакулов
4	ОИЛ-1 есебі, үлгерім есебі I жарты жылдық	ӘК	ДОIЖО О.С.Мырзакулов
	Ақпан		
1	Педұжымның санитарлық-гигиеналық тәртібін сақтауын қадағалау		ДОIЖО Мырзакулов О.С.
2	“Техника қауіпсіздігі” бойынша емтихан өткізу	ӘК	ДШЖО Б.Ж.Кукумов
3	Оқушылардың сабаққа қатысуы, күнделіктердің жүргізу барысы, оқу кабинеттерінің тазалығы бойынша рейд ұйымдастыру	ӘК	ДОIЖО О.С.Мырзакулов
4	Күнделік КЗ журналдарының толтырылуы, баға толымдылығын тексеру	ӘК	ДОIЖО О.С.Мырзакулов
	Наурыз		
1	Қорғаншылықтағы балаларға акт жасау, жан-жақты бақылау	ӘК	ДОIЖО Мырзакулов О.С.

2	ІІІ тоқсандық қозғалыс есебі, құжаттармен сәйкестігін бақылау	Педкеңес	ДОІЖО О.С.Мырзакулов
3	Журналдарды тексеру (баға толымдылығы әділ қойылғандығын)	ӘК	ДОІЖО О.С.Мырзакулов
4	Оқушылардың сабаққа қатысуы	ӘК	ДОІЖО Мырзакулов О.С.
5	ОИЛ-1 есебі, үлгерім есебі	ӘК	ДОІЖО О.С.Мырзакулов
	Сәуір		
1	1-сыныпқа оқушыларды тіркеуді ұйымдастыру, әрі жүргізу		ДОІЖО О.С.Мырзакулов
2	Бақылау жұмыстарының графикке сай алынуын тексеру		ДОІЖО О.С.Мырзакулов
	Мамыр		
1	Тәрбие жұмысын қорытындылау	ӘК	ДОІЖО Мырзакулов О.С.
2	Қозғалыс есебінің қорытындысын схема түрінде тақтаға ілу, қорытындылау	Педкеңес	ДОІЖО О.С.Мырзакулов
3	Оқушылардың жеке құжаттарын ретке келтіру		ДОІЖО О.С.Мырзакулов
4	ОИЛ-1 есебі, үлгерім есебі		ДОІЖО О.С.Мырзакулов
5	Оқушылардың жеке құжаттарын дұрыс реттелгенін тексеру ОШ-3 есебі		ДОІЖО О.С.Мырзакулов
6	Қозғалыс есебі бойынша ІІ жарты жылдық есеп беру	Педкеңес	ДОІЖО О.С.Мырзакулов
7	Электронды журналдарын, оқушылардың жеке іс-қағаздарын, алфавитті кітаптарды қабылдап алу		ДОІЖО О.С.Мырзакулов

**Әдістеме жұмысының жылдық жоспары
2023-2024 оқу жылы**

Мақсаты:

Мектептегі әдістемелік жұмыстың негізгі мақсаты – педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру арқылы білім беру сапасын көтеру және оқушылардың оқу жетістіктерін жақсарту.

Міндеттері:

1. **Мұғалімдердің кәсіби дамуына жағдай жасау:**
 - Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқыту әдістемелерін меңгерту;
 - Мұғалімдердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету.
2. **Оқытудың озық тәжірибесін тарату және енгізу:**
 - Инновациялық педагогикалық технологияларды үйрену және тәжірибеге енгізу;
 - Үздік педагогикалық тәжірибелерді зерттеп, мектеп мұғалімдері арасында тарату.
3. **Оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыру:**
 - Оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған әдістемелік көмекті ұйымдастыру;
 - Педагогтердің сабақты жоспарлау, бағалау және рефлексия жүргізу қабілеттерін жетілдіру.
4. **Әдістемелік қолдау көрсету:**
 - Жас мамандарға тәлімгерлік көмек көрсету;
 - Пән бірлестіктері мен әдістемелік бірлестіктердің жұмысын үйлестіру.
5. **Білім сапасын бақылау және талдау:**
 - Оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу;
 - Сараптама негізінде әдістемелік ұсынымдар беру.

№	Іс – шаралар	Қайда қаралады?	Жауапты	Іске асыру
Тамыз				
1	2023-2024 оқу жылының міндеттерін талқылау, бекіту.	Әдістемелік кеңесте	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	Анықтама
2	Жаңа оқу жылына арналған бірлестік жетекшілерінің жұмыс жоспарын ұйымдастыру, жүйелеу	Педагогика-лық кеңесте	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	Хаттама
3	Жас мамандармен жұмыс. Мақсаты: мұғалімнің кәсіби тұлғасын қалаптастырудың жеке әдістемесін жасау А) тәлімгер тағайындау Б) тәлімгер жоспарын бекіту	Әдістемелік кеңес	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	Мәлімет
Қыркүйек				
1	Әр сыныптың барлық пәндер бойынша бастапқы көрсеткішін анықтау	Әдістемелік бірлестік жетекші	ДОІЖО О.С.Мырзакулов ӘБЖ Пән мұғалімдер	Бұйрық анықтама
2	Әкімшілік және мұғалімдердің мерзімдік курстарға қатысуын ұйымдастыру	Әдістемелік кеңес	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	Куәліктің көшірмесі есебі
3	Пән онкүндігі: «Тілдер мерекесі» Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі	Әдістемелік кеңес	Б.А.Диханбаева А.Идяева	Бұйрық жоспар
4	Мұғалімдерді аттестаттау. А) аттестаттау қорытындысымен таныстыру Ә) педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау туралы ережемен таныстыру Б) аттестаттау бұрышын ұйымдастыру	Әдістемелік кеңес	ДОІЖО О.С.Мырзакулов Аттестаттау комиссиясы	Ереже Бұрыш тактасы Кесте

	В) аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің сабағына ену			
Қазан				
1	Мұғалімдердің біліктілігін көтеру	Әдістемелік бірлестік жетекші	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	Куәліктің көшірмесі Мәлімет
2	Дарынды балалармен жұмыс А)оқушылардың жас ерекшелігін, ескеріп, дарындылығын анықтайтын диагностика Ә) дарынды балалардың отбасын зерттеу	Директор жанындағы кеңес	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	Диагностика Сауалнама қорытындысы
3	Мектепшілік пән олимпиадасы	Әдістемелік бірлестік жетекші	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	Хаттама Бұйрық Анықтама
Қараша				
2	Бастауыш сынып оқушыларының арасында мектепшілік олимпиада өткізу	Әдістемелік кеңес	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	Жоспар
3	Мектепшілік олимпиада өткізу	Әдістемелік бірлестік жетекші	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	Бұйрық Кесте Хаттама Анықтама
4	Қалалық олимпиадаға қатыстыру	Әдістемелік бірлестік жетекші	Пән мұғалімдері	Мәлімет
5	Байқауларға қатыстыру	Әдістемелік бірлестік жетекші	Пән мұғалімдері	Хаттама
Желтоқсан				
1	«Озық тәжірибе мектебі» мұғалімдердің іс-тәжірибесін жинақтау	Әдістемелік кеңес	ДОІЖО О.С.Мырзакулов Топ жетекшісі	Мәлімет
2	Аттестаттауға қатысушы мұғалімдердің пәні бойынша сабақ беретін сыныптарынан тест жұмыстарын алу		ДОІЖО О.С.Мырзакулов Сараптау комиссиясы	Кесте Анықтама
3	Қалалық олимпиада қорытындысы бойынша мониторинг жасау	Әдістемелік бірлестік жетекші	ДОІЖО О.С.Мырзакулов Мониторингтік қызмет	Мониторинг
4	Ең үздік пән кабинет байқауы	Әдістемелік кеңес	ДОІЖО О.С.Мырзакулов Бірлестік жетекшілері	Жоспар
Қаңтар				
1	Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің сабағына талдау жасау		ДОІЖО О.С.Мырзакулов	Анықтама
2	I жарты жылдық бойынша білім сапасының көрсеткіштері	Әдістемелік бірлестік жетекші	ДОІЖО О.С.Мырзакулов ӘБЖ	Есеп
Ақпан				
1	1. Аттестациядан өтетін мұғалімдердің мінездемесі мен құжаттарын дайындау 2. Аттестациядан өтетін мұғалімдердің сыныптан тыс әр түрлі іс – шараларға қатысуы туралы есептері	Әдістемелік бірлестік жетекші	ДОІЖО О.С.Мырзакулов Әдістемелік бірлестік жетекші	Аттестациялық парақ Рейтинг
3	а) Төлқұжатталған пән кабинеттерін жоспарлы тексеру ә) 2024– 2025 оқу жылында төлқұжатталатын пән кабинеттерін анықтау	Директор орынбасарлар кеңесі	Комиссия мүшелері Әдістемелік бірлестік жетекші	Анықтама Мәлімет

Наурыз				
1	Мұғалімдердің өз пәні бойынша білімін тексеру мақсатында тест алу	ӘК	ДОІЖО О.С.Мырзакулов Әдістемелік бірлестік жетекші	Бұйрық, жоспар, хаттама
2	«PISA», «TIMSS» конкурстарына қатысу жайлы.	Әкімшілік кеңес	ДОІЖО О.С.Мырзакулов Әдістемелік бірлестік жетекші	Мәлімет
4	ОҒҚ жұмысы	ӘК	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	
5	Мұғалімдердің курстарға қатысуын ұйымдастыру		ДОІЖО О.С.Мырзакулов Әкімшілік	Куәліктің көшірмесі
Сәуір				
1	«Ақбота» және т.б. байқауларының көрсеткіші	ӘБЖ	ДОІЖО О.С.Мырзакулов ӘБЖ	Мониторинг
2	ББЖМ бойынша білім сапасы	Директор жанындағы кеңес	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	Қорытынды
Мамыр				
1	Бірлестік жетекшілерінің жылдық әдістемелік жұмысының есебі	Әдістемелік кеңес	ДОІЖО О.С.Мырзакулов ӘБ жетекшілер	
2	Диагностикалық талдау бойынша мұғалімдердің біліктілік деңгейі	Педагогикалық кеңес	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	Есеп
3	Озық тәжірибелі мұғалімдердің жұмысын зерттеу және жинақтау, тарату жұмысының жағдайы	Әдістемелік бірлестік жетекші	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	
4	2025-2026 оқу жылына арналған келешек жоспарлау жұмыстарын жүргізу	Әкімшілік кеңес	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	
5	Жас мамандардың есебі	Әкімшілік кеңес	ДОІЖО О.С.Мырзакулов Тәлімгер	Есеп
6	Білім сапасын арттыру жұмыстары бойынша қорытынды мониторинг	Педагогикалық кеңес	ДОІЖО О.С.Мырзакулов ӘБЖ Пән мұғ/рі	Мониторинг
7	Жаңа оқу жылына арналған жоспар жобасы бойынша ұсыныстарды талдау, түзету, толықтырулар енгізу	Әдістемелік бірлестік жетекші	А.Тугелов Әдістемелік бірлестік жетекші	Жоспар
8	Жаңа оқу жылының міндеттерін анықтау		ӘБЖ	

Мұғалімдердің біліктілігін көтеру

Мақсаты: Мұғалімдердің кәсіби даярлық деңгейін көтеру

№	Іс-шара	Мерзімі	Қайда қаралады?	Жауапты	Іске асыру
1	Әкімшіліктің және мұғалімдердің	Қыркүйек-	ӘК	Әкімшілік	Куәліктің

	мерзімдік курстарға қатысуын ұйымдастыру	мамыр		ДОЖО О.С.Мырзакулов	көшірмесі
2	Республикалық, қалалық, аудандық, ғылыми-практикалық конференцияларға, ғылыми-әдістемелік семинарларға, жаңашыл мұғалімдердің сабағына қатысу	Қыркүйек-мамыр		Әкімшілік ДОЖО О.С.Мырзакулов	
3	Озық педагогикалық іс-тәжірибені мектеп практикасына енгізу	Қыркүйек-мамыр		ДОЖО О.С.Мырзакулов	
4	Жас мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында тәлімгер тағайындау	Қыркүйек-мамыр	ӘБЖ отырысы	ДОЖО О.С.Мырзакулов	Бұйрық
5	Сабақ өтудің сапасын арттыру, мектептің оқу материалдық базасына сай оқу жоспарын және бағдарламасын түзу, ақпараттық технологияны жүзеге асыру	Қыркүйек-мамыр		ДОЖО О.С.Мырзакулов	хаттама
6	Дөңгелек үстел: «Өз білімін көтеру – педагог кадрлардың кәсіби шеберлігін көтерудің бір жолы»	Қыркүйек-мамыр		ДОЖО О.С.Мырзакулов	Хаттама

Жас мұғалімдер мектебінің жұмыс жоспары

Мақсаты: Мұғалімнің кәсіби тұлғаны қалыптастырудың жеке әдістемесін жасау.

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	Жас мамандарға тәлімгер ұстаздар бекіту	қыркүйек I апта	ДОЖО О.С.Мырзакулов	Бұйрық
2	Жас маманға күнтізбе, сабақ жоспарларын жасауға көмектесу	қыркүйек III апта	ДОЖО О.С.Мырзакулов тәлімгер ұстаздар	білімін арттыру
3	Жас мамандар жұмысында кездесетін олқылықтардың алдын алу	оқу жылы барысында	тәлімгер ұстаздар	білімін арттыру
4	Әдістемелік көмек көрсету мақсатында сабақтарына қатысу	кесте бойынша, аптасына	ДОЖО О.С.Мырзакулов тәлімгер ұстаздар	білімін арттыру
5	Жас маманның ашық сабақтарына қатысу	кесте бойынша	ДОЖО О.С.Мырзакулов тәлімгер ұстаздар	әдістер үйрену
6	Жаңа технология элементтерін сабақта пайдалануды үйрету	Оқу жылы барысында	ДОЖО О.С.Мырзакулов тәлімгер ұстаздар	әдістер үйрену
7	Құжаттармен жұмыс	оқу жылы барысында	ДОЖО О.С.Мырзакулов тәлімгер ұстаздар	білімін арттыру
8	Тәлімгер ұстаздың есебі	әр жарты жылдықта	ДОЖО О.С.Мырзакулов тәлімгер ұстаздар	Жетістікте рін үйрену
9	Жас маманның ашық сабақтары мен есебі	әр ж/ж	жас мамандар	Есеп беру

10	Жас мамандардың өз білімін көтеру бойынша сауалнама жүргізу	сәуір III аптасы	Педагог-психолог П.Ө.Туғанбаева	Жас маманның жұм.қиыншылықтарды анықтау
----	---	---------------------	------------------------------------	---

**Озық педагогикалық іс-тәжірибені зерттеу, жинақтау, тарату
2023-2024 оқу жылы**

№	Іс –шаралар	Мерзімі	Қайда қаралады?	Жауапты	Іске асыру
1	Озат тәжірибені жинақтап, ендірілу жолдары: пән апталықтары, сабақтан тыс пән бойынша өтетін іс-шаралардың, семинар, ФПК, творчестволық есеп беру графикін құрастыру	Қаңтар		ДОЖО О.С.Мырзакулов	График
2	Мұғалімдердің шығармашылық тақырыптарын анықтау	Қаңтар	ӘБЖ отырысы	ДОЖО О.С.Мырзакулов	Анықтама
3	«Озық тәжірибе мектебі» мұғалімдерінің іс-тәжірибесін жинақтау	Қаңтар		ДОЖО О.С.Мырзакулов	Мәлімет
4	Бірлестіктегі мұғалімдердің баспасөзбен байланысының нәтижесін талдау	Наурыз	ӘК	ДОЖО О.С.Мырзакулов	
5	Шығармашылық топ жұмыстарының баспа бетіне шығуын қадағалау	наурыз		Топ жетекшілері	
6	Педагогикалық оқуға дайындық	Ақпан	ӘБЖ отырысы	ДОЖО О.С.Мырзакулов	
7	Озат тәжірибені тарату жұмысын басшылыққа алу а) Бұйрық түрінде ә) Альбом – эстафета б) Баяндама в) Буклет түрінде г) Баспасөз құралдары (газет, журнал) д) Бейнекор түрінде е) Кітапша	Сәуір Сәуір Наурыз Қаңтар-мамыр		ДОЖО О.С.Мырзакулов	Баспаға шығару, мектеп-ішілік, қала көлемінде
8	Озық тәжірибелі мұғалімдердің жұмысын зерттеу және жинақтау, тарату жұмысының жағдайы	Мамыр	Педагогика - лық кеңес	ДОЖО О.С.Мырзакулов	Есеп

7	• «Бастауыш сыныптарда – оқу сауаттылығын қалыптастырудың ерекшеліктері» бастауыш сынып мұғалімі К.С.Танкибаева • «Бастауыш сынып оқушыларына мәтін есепті үйретудегі қиындықтар» бастауыш сынып мұғалімі А.М.Сағатова	Қаңтар-мамыр	Педагогика - лық кеңес	ДОЖО О.С.Мырзакулов Бастауыш сынып мұғалімдері	
---	---	--------------	------------------------	--	--

**Педагог кадрларды аттестаттау
2023-2024 оқу жылы**

Мақсаты: кәсіптік құзыреттілік деңгейіне сәйкестігін анықтау және педқызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін жағдай жасау				
№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	2023-2024 оқу жылында аттестациядан өтетін барлық ұстаздар тізімін нақтылау (1-кезең, 2-кезең)	Ағымдағы жылдың маусым және қараша айына дейін	Аттес.комис.төр. орынб. О.С.Мырзакулов	Аттестациядан өтетін мұғалімдердің тізімін нақтылау
2	Бұйрық беру: - мектеп аттестациясының комиссиясын құру; - сараптау тобын құру; - педқызметкерлердің біліктілік санатын көтеру туралы	Қыркүйек	Аттес.комис.төр. орынб. О.С.Мырзакулов	Аттестацияның комиссиясын, сараптау тобын құру, өзара жұмысын бөлісу, құжаттарды рәсімдеу
3	Аттестацияның нормативтік құжаттар туралы стендін рәсімдеу	Қыркүйек, қазан	Аттес.комис.төр. орынб. О.С.Мырзакулов	Аттестация материалдарын жүйелеу
4	Аттестацияның комиссия мен сараптау топтарының жұмысын бөлісу, оларды оқыту	Қыркүйек, қараша	Аттес.комис.төр. орынб. О.С.Мырзакулов	Аттестацияны сапалы және ұйымшылдықпен өткізу
5	Аттестациядан өтуші педқызметкерлердің сабақтарына қатысу, еңбегін бағалау, жеке кеңес беру, сарапшы топтың пікірін тыңдау	Жыл бойы	Аттес.комис.төр. орынб. О.С.Мырзакулов сараптау тобы	Аттестациядан өтушілерге психологиялық көмек көрсету
6	Аттестациядан өту үшін қажетті құжаттарды, ұстаздар қызметін зерттеу, сабақтарына қатысу (портфолиосын тексеру)	Кесте бойынша	Аттестация комиссия мүшелері, сараптау тобы	I, II біліктілік санатына өту үшін сараптау тобының қорытынды
7	Аттестациядан өтуші ұстаздар мектеп ұстаздары үшін ашық іс-шаралар өткізу (басылымдағы мақалаларын жинақтау, жетістіктерін көрсету)	Кесте бойынша	Аттестациядан өтуші ұстаздар	Сараптаушы топтың қорытынды бағасы
8	Біліктілік санатына өтініш білдірген педагогтардың шығармашылық есебі	Наурыз	Аттес.комис.төр. орынб. О.С.Мырзакулов сараптау тобы	Әдістемелік айлыққа қатысу
9	Аттестациядан өту үшін өтініш толтыруға жеке көмек	Сәуір-	Аттес.комис.төр. орынб.	Өтініш жазуға көмек

		маусым	О.С.Мырзакулов сараптау тобы	
10	Қалалық аттестацияның жұмыс жоспарына сәйкес өзінде бар біліктілік санатты ұстаздар тізімін кезең бойынша өткізу, бекітуге ұсыну	Сәуір	Аттес.комис.төр. орынб. О.С.Мырзакулов сараптау тобы	ҚББ комиссиясының шешім
11	Сарапшылардың санатын пәндер бойынша бекіту. ҚББ-не ұсыну	Сәуір	Аттес.комис.төр. орынб. О.С.Мырзакулов сараптау тобы	Аттестациядан өтушілердің теориялық білімдерін жетілдіру
12	2025-2026 оқу жылына аттестациядан өтетін барлық ұстаздардың өтініштерін қабылдау	25.05.дейін	Аттес.комис.төр. орынб. О.С.Мырзакулов	Аттестациядан өтетін мұғалімдердің тізімін алу

Өз білімін жетілдіру

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Қайда қаралады?	Жауапты	Іске асыру
1	Өз білімін жетілдірудегі әр мұғалімнің жеке шығармашылық жоспарын жасау	Қаңтар	ӘБЖ отырысы	ДОЖО О.С.Мырзакулов	Жоспар
2	Өз білімін жетілдіру ұйымымен біріге отырып, мұғалімнің өз білімін көтеру жұмысын ұйымдастыру.	Қаңтар-мамыр	Директор орынбасарларының кеңесі	ДОЖО О.С.Мырзакулов Пән мұғалімдері	Куәлік копиясы Мәлімет

IV бөлім. Педагогикалық ұжымның білім беру процесін жетілдіруге бағытталған жұмыс

- Дарынды балалармен жұмыс
- Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс
- Білім сапасын көтеру мақсатында жүргізілетін іс-шаралар

Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстары туралы іс-шаралар жоспары.
2023-2024 оқу жылы.

Мақсаты: дарынды балаларды анықтау және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін оларға жағдай жасау

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты	Талқыланылатын орын
1	Дарынды балаларды анықтау тест өткізу, тізімін нақтылау	Тамыз	ДОЖО О.С.Мырзакулов ӘБЖ	Дир.жанындағы кеңес, пед.кеңес және әдістемелік кеңес
2	Әр пән бойынша жан-жақты білім деңгейін анықтау, жеке жұмыстар жүргізу	Қыркүйек	ДОЖО О.С.Мырзакулов ӘБЖ	Дир.жанындағы кеңес, пед.кеңес
3	«Жас дарын» ОҒҚ ұйымдастыру, бұйрық шығару	Қыркүйек	ДОЖО О.С.Мырзакулов	

			ӘБЖ	
4	Мектепшілік олимпиада өткізу, қорытындылау	Қазан	бірл.жетекшілері	Пед кеңес
5	Оқушылардың білім деңгейіндегі олқылықтарымен жұмыс	I ж/ж	Пән мұғалімдері	
6	Әр пән бойынша тақырыптық тестер ұйымдастыру	I ж/ж	Пән мұғалімдері	
7	ББЖМ тапсыратын оқушылармен жұмыс жүргізу, талқылау, қорытындылау	Жыл бойы	ДОЖЖО О.С.Мырзакулов ӘБЖ	Дир.жанындағы кеңес, пед.кеңес
8	Қалалық пәндер олимпиадасына дарынды оқушыларды дайындау және қатыстыру	Қараша-қаңтар	ДОЖЖО О.С.Мырзакулов ӘБЖ	Директор жанындағы кеңес
9	Мектепшілік және түрлі пән байқауларына қатыстыру	Жоспарлы	ДОЖЖО О.С.Мырзакулов ӘБЖ	
10	Дарынды оқушылардың кітапханада қосымша әдебиеттермен жұмыс істеуіне үйрету	Жыл бойы	ДОЖЖО О.С.Мырзакулов ӘБЖ	
11	Дарынды оқушыларды: қалалық, республикалық «Зерде», «Алтын сақа», «Ақбота», математикалық олимпиадасына қатыстыру	Жоспарлы	ДОЖЖО О.С.Мырзакулов ӘБЖ	Әдістемелік мәжіліс
12	Дарынды оқушылардың ата-аналарын алынған тест қорытындылармен таныстырып отыру	Әр тоқсанда	Пән мұғалімдері	
13	Қалалық олимпиада мен ғылыми жобаларын қорғаудағы жүлдегерлерді қолдау, марапаттау	Қаңтар, сәуір	ДОЖЖО О.С.Мырзакулов ӘБЖ	Әдістемелік мәжіліс

2023-2024 оқу жылындағы үлгерімі төмен оқушылармен атқарылатын іс-шаралар

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Үлгерімі нашар оқушылары бар пән мұғалімдерін бақылауға алу	Қыркүйек –мамыр	ДОЖЖО О.С.Мырзакулов
2.	Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспарын бекіту.	Қыркүйек	ДОЖЖО О.С.Мырзакулов

3.	Пән мұғалімдерінің сабаққа өзара қатысуын күшейту.	Қыркүйек –мамыр	ДОЖЖО О.С.Мырзакулов
4.	Пед. Кеңесте, ӘБ отырысында пән мұғалімдерінің үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс есебін тыңдау	Тоқсан сайын	ДОЖЖО О.С.Мырзакулов
5.	«Сенің мүмкіндіктерің, адамгершілік» тақырыбында үлгерімі төмен оқушылармен психологиялық тренинг өткізу, Мақсаты: балалардың өзін-өзі бағалау деңгейін көрсету	Тоқсан сайын	ДОЖЖО О.С.Мырзакулов
6.	Тоқсан соңында үлгерімі төмен оқушыларды анықтау, оқу жылының аяғына дейін үлгерімін қадағалау	Тоқсан сайын	ДОЖЖО О.С.Мырзакулов
7.	Үлгерімі төмен оқушылармен үнемі қосымша сабақтар өту, сабақта жеке жұмыс жасау	Қыркүйек-мамыр	Пән мұғалімдері.

Білім сапасын көтеру іс жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
1	Мектеп мұғалімдерінің оқушылардың білім сапасын көтеру жөніндегі іс-шараларының жоспарын талқылап, бекіту. 2022-2023 оқу жылында жіберілген кемшіліктерді талдау	Тамыз	ДОЖЖО О.С.Мырзакулов
2	Білім беру стандартының қазіргі талабына сай оқу жоспарлары мен күнтізбелік жоспарларды дайындау, жүйелі пайдалану. Үлгермеушіліктің алдын алу жолдарын қарастыру, жоспар жасау, оқу жылы барысында нәтижеге бағытталған жұмыс жүргізу	Қыркүйек	Бірлестік жетекшілері
3	2023-2024 оқу жылына жеке пәндер бойынша бастапқы білім сапасының байқау сынағын алуды ұйымдастыру	Қыркүйек	Бірлестік жетекшілері, пән мұғалімдері
4	2023-2024 оқу жылында 2-4 сыныптардағы дарынды және үлгерімі төмен оқушыларды анықтау, тізімін жасау	Қыркүйек	Сынып жетекшілері, пән мұғалімдері
5	Үлгермеуші оқушылары бар мұғалімдердің жұмыстарын бақылауға алу. Әр тоқсан қорытындысы бойынша үлгермеушілердің тізімін жасау, оқу жылының соңына дейін олардың үлгерім қорытындысын бақылау	Әр тоқсан қорытындысы бойынша	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
6	Сын тұрғысынан ойлау стратегиясын пайдалана отырып, оқушының қызығушылығын оятуға, логикалық тұрғыда, тыңдауға, талқылауға, шешім қабылдауға дайындау	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
7	Оқушылардың дарындылығын, шығармашылық қабілеттерін дамыту, Дарын Орталығының пәндік олимпиадаларына қатыстыру	Жыл бойы	Пән мұғалімдері, Бірлестік жетекшілері
8	Дарынды оқушыларды халықаралық республикалық деңгейдегі байқауларға қатыстыруды ұйымдастыру - «Ақбота», «Кенгру», «Русский медвежонок», «Ағылшын бульдогы» байқауларына қатысу - Ғылыми жоба, кіші ғылыми академия	Жыл бойы	ДОЖЖО О.С.Мырзакулов ӘБЖ

	жарыстарына жұмыстар дайындау - «М.Мақатев», «І.Жансүгіров», «Абай, Шәкәрім, Ыбырай, Жамбыл» оқуларына, шығармалар байқауына қатыстыру		
9	I жарты жылдық бойынша алған білімдерін бақылау мақсатында негізгі пәндер бойынша бақылау жұмыстарын ұйымдастыру, мониторинг жасау	Қаңтар	ӘБЖ Пән мұғалімдері
10	Оқушыларды сауатты жазуға дағдыландыру мақсатында «Үлгілі дәптер» байқауын өткізу	Әр тоқсанда 1 рет	ӘБЖ Пән мұғалімдері
11	Оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Үздік күнделік» байқауын ұйымдастыру	Әр тоқсанда 1 рет	Тәлімгерлер
12	Үлгермеуші оқушылары бар мұғалімдердің жұмыстарын бақылауға алу. Әр тоқсан қорытындысы бойынша үлгермеушілердің тізімін жасау, оқу жылының соңына дейін олардың үлгерім қорытындысын бақылау	Әр тоқсан қорытындысы бойынша	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
13	ББЖМ – ға дайындық жұмыстарын ұйымдастыру, өткізу	Қазан-сәуір	ДОЖЖО О.С.Мырзакулов Пән мұғалімдері
14	Әкімшілік отырысында байқау тестілерінің қорытындысын талқылау, оқушылардың білім сапасын қатаң бақылауға алу	Айына 1 рет	ДОЖЖО О.С.Мырзакулов
15	2023-2024 оқу жылында білім сапасын арттыру жұмыстарына мониторинг жасау, талдау	Мамыр	ДОЖЖО О.С.Мырзакулов ӘБЖ

V бөлім

Педагогикалық ұжымның тәрбие жұмысын қалыптастыруға бағытталған іс- әрекеттер

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген

Тәрбиенің мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан - жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Тәрбиенің міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті адамзат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық -зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету;
2. Тұлғаның рухани -адамгершілік және этикалық принциптерін, оның Қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету;
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету;
4. Бала тұлғасын қалыптасрыуда ата- аналардың ағарту жұмысын, психологиялық педогогикалық құзыреттілігін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету;
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін -өзі іске асыруына саналы қарым қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай -ақ

коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету;

6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету;
7. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

ҚҰРЫЛЫМЫ

1. Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері
2. Құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберіндегі жобалар:
3. 2023-2024 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 2 қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 бұйрығымен, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына 2-қосымшасына құрылған тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары
4. 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық **ц и к л о г р а м м а с ы**
5. Мектептегі тәрбие саласы бойынша апталық **ц и к л о г р а м м а с ы**

НЕГІЗІ

I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету

III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

2023-2024 оқу жылында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда «Ата-аналар академиясын» құру, сондай-ақ «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады.

2023-2024 оқу жылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы келесідей негізгі құндылықтарды басшылыққа алады:

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»

- ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.
- жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- ✓ Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- ✓ Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- ✓ Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- ✓ Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- ✓ Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- ✓ Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- ✓ Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- ✓ Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- ✓ Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- ✓ Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- ✓ Елінің тарихын құрметтейді
- ✓ Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ұсыным

- ✓ Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- ✓ Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- ✓ Адал еңбекті құрметтеу;
- ✓ Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- ✓ Халқына адал қызмет ету;
- ✓ Әдеп нормаларын ұстану;
- ✓ Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- ✓ Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- ✓ Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- ✓ Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- ✓ Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- ✓ Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- ✓ Достарын, сыныптастарын сыйлайды;

- ✓ Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- ✓ Сыни және креативті ойлау;
- ✓ Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- ✓ Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- ✓ Физикалық белсенді болу;
- ✓ Салауатты өмір салтын ұстану;
- ✓ Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- ✓ Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- ✓ Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- ✓ Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- ✓ Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Ұсыным

- ✓ Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- ✓ Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Жасөспірімнің тәрбиесі (6-7 жас)

Ұсынылады:

- ❖ Тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- ❖ Жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну;
- ❖ Оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- ❖ Еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ❖ Ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- ❖ Тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- ❖ Білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- ❖ Табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- ❖ Жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- ❖ «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (8-11 жас)

Ұсынылады:

- ❖ Жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ❖ Ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтеуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

- ❖ Ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- ❖ Отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- ❖ Адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- ❖ Балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- ❖ Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Сынып жетекшілердің міндеттері:

- ✓ Салауатты өмір салтына ынталандыру;
- ✓ Сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- ✓ Білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ✓ Ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

Ұсыным

- ✓ Білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- ✓ Аптасына бір рет (белгіленген күні) сынып сағаттарын өткізу.

Жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Ескерту: Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, өңірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

- Шымкент қаласы білім басқармасы
- Денсаулық сақтау департаменті
- Шымкент қаласы еңбек инспекциясының басқармасы
- Ішкі саясат және жастар ісі жөніндегі басқармасы
- Дене шынықтыру және спорт басқармасы
- Полиция департаменті
- Қорғаныс департаменті
- Төтенше жағдайлар департаменті
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті

- «Қоғамдық келісім» КММ «Достық үйі»

Тәрбие саласына қатысты Қазақстандық және Халықаралық мерекелер мен атаулы күндер:

- 10 тамыз - ҚР Үкіметінің қаулысымен Абай күні;
- 30 тамыз - ҚР Конституциясы күні;
- 1 қыркүйек - Білім күні;
- 10 қыркүйек - Отбасы күні;
- 15 –қыркүйек. Денсаулық фестивалі. (1 аптасы.)
- 15.09-19.09. Діни экстремизмнің алдын алу күні
- 22 қыркүйек – Қазақстан халықтары тілдері мерекесі күні;
- 1 қазан - Қарттар күні;
- 4 қазан - Ұстаздар күні;
- 30қазан - Алкогольмен күрес күні;
- 28.10.- Еңбек күні.
- 15.10-15.11. Құқықтық тәрбие айлығы.
- 16.11-20.11. Мәңгілік Ел. ҚР Ассамблеясына 21 жыл
- 15 қараша - Ұлттық валюта күні;
- 02.11.-07.11. Зорлық-зомбылықтың алдын алу.
- 03.11- 03.12. Дүниежүзілік адам имундық тапшылық синдромымен күрес күні. СПИД-АИТВ алдын алу.
- 18.11. Рухани келісім күні.
- 20 қараша – Балалар құқығытуралы Конвенция күні;
- 10 желтоқсан - Адам құқығы күні;
- 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні;
- 26.12 - 30.12. – Жаңа жыл.
- 10.01-10.02. «Абайлаңдар, балалар!» айлығы
- 10.01.-20.01. Қылмыстың алдын алу күні.
- 18 қаңтар – Тұмаудың алдын алу күні;
- 10.02-10.03. «Өмірге Иә деп айт!» Республикалық ақпараттық науқан
- 15 ақпан – Салауатты өмір салты күні;
- 15 ақпан- Кеңес әскерінен Ауғанстаннан шығарылған күні.
- 23.02.-24.03. Туберкулездің алдын алу айлығы.
- 01.наурыз- Алғыс айту күні.
- 1 наурыз – Азаматтық қорғаныс күні;
- 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні;
- 22 Наурыз – Наурыз мерекесі;
- 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні;
- 7 сәуір - Дүниежүзілік денсаулық күні;
- 10 сәуір- Ескерткіштерді қорғау күні.
- 10 сәуір -21 сәуір аралығында «Қауіпсіз Интернет» атты Республикалық ақпараттық науқан
- 12 сәуір – Ғылымжәне Космонавтика күні;
- 10 сәуір мен 10 мамыр аралығы Патриоттық тәрбие айлығы. (Саяси қуғын- сүргін құрбандарын еске алу күні.)
- 1 мамыр- халықтар достығы және ынтымақтастығы күні;
- 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні;
- 9 мамыр - Жеңіс күні;
- 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні;
- 31 мамыр –Саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу күні.
- 1 маусым - Балаларды қорғау күні;
- 4 маусым – ҚР мемлекеттік рәміздер

I. I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету	
Негізі	○ Қазақстан Республикасының Конституциясы • «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/; • Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы. • Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №156 қаулысы • «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV • 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы • «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 • «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV • «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI • «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 • Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері • «Мәңгілік ел» идеясының жобасы • Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы • Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығы Тәрбиенің Тұжырымдамасы, • Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы. ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15584 болып тіркелді • «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы • Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы; • <i>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан республикасының заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-у қрз.</i> • Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 ақпанда № 13070 болып тіркелді. («Мемлекеттік білім беру ұйымдары кітапханаларының қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау қағидаларын бекіту туралы») • Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығының» 6-тарауы). https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414

II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету				
Негізі	Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету – тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша оқу әдістемелік құралдар мен ұсыныстар дайындау. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша озық тәжірибелерді, креативті ойлар мен авторлық бағдарламаларды зерттеу, талдау және енгізу. Оқу-әдістемелік құралдарын қолдану. Этнопедагогика және психология, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын игілігін зерттеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу. Жыл сайын оқуға ұсынылатын әдебиеттер тізбесіне тәрбиелік және дамытушы сипаттағы оқу әдебиеті кітаптарын қосу			
III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар				
Ұйымдастыру шаралары және талдау-диагностикалау				
№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауап тылар	Орындау мерзімі
1	Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жоспарын құру, бекіту	Жоспар	ДОІЖО О.С.Мырзакулов Сынып жетекшілер	Тамыз – қыркүйек
2	Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің жоспарын құру, бекіту	Бұйрық, хаттама		
3	Білім алушылардың мектептен тыс бос уақытын анықтау	Анықтама		
4	Тіркеудегі оқушыларға жауапты маман бекіту	Бұйрық		
5	Діни тәлім-тәрбие алатын оқушылар туралы мәлімет жинақтау	Кесте		
6	Ата-аналар комитетінің жоспарын құру, бекіту	Хаттама		
7	Көп балалы, аз қамтылған, қамқорлықтағы, күн көрісі төмен, жетім отбасы балаларымен жұмыс. Мектептің әлеуметтік картасын құру	Хаттама	Сынып жетекшілер	Жыл бойы
8	Оқушылардың сабаққа келуін қадағалау	Сабаққа қатысу журналы	Сынып жетекшілер	Жыл бойы
9	Қамқоршылық кеңесі, жоспарын құру, кеңестің мүшелерімен бірлесіп жұмыс жасау	Хаттама	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	Жос пар бойынша
10	«Әлеуметтік хал-ахуал», «Эмоционалдық хал-ахуал», «Когнитивтік хал-ахуал», «Физикалық хал-ахуал» сияқты модульдер бойынша ата-аналар үшін курстар ұйымдастыру.	Курс	Шым кент қаласы Әдістеме лік орталы ғы	Жыл бойы на
11	Ата-аналардың қажеттіліктері деңгейін анықтау бойынша диагностикалауды жүргізу және ата-аналарға арналған академия қызметінің нәтижелерін мониторингілеу.	мониторинг	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	Жыл бойы на
IV. Кадрлық қамтамасыз ету				
12	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ курстарында педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлауды ұйымдастыру	курс, семинар	ҚББ 2023-2024 оқу жылы	Жос пар бойынша

**2023-2024 оқу жылына арналған дәстүрлі тәрбие жұмысының жылдық
ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Мерзімі	Тақырыбы
Қыркүйек	1-қыркүйек білім күні
	Тіл мерекесі
	Жолда жүру ережесі айлығы
	Интеллектуалдық тәрбие, ақпараттық мәдениет айлығы
	Сынып сағаттары
Қазан	Ұстаздар күні
	Қарттар күні
	Алтын күз

	Еңбек экономикалық және экологиялық айлығы
	Сынып сағаттары
Қараша	Дене тәрбиесі салауатты өмір салты айлығы
	Күзгі каникул
	Сынып сағаттары
	Құстарды қорғау айлығы
Желтоқсан	25 қазан -Тәуелсіздік күні
	Қысқы каникул
	Сынып сағаттары
Қаңтар	«Жас Ұлан» ұйымына қабылдау
	Рухани-танымдық тәрбие айлығы
	«Жыл сынып жетекші – 2024» байқауы
Ақпан	Ж.Жабаев, І.Жансүгіров, М.Мақатаев, С.Иманасов оқулары
	15 ақпан – Ауғанстан жерінен жауынгерлерді шығару күні
	Көп мәдениетті және көркем эстетикалық айлығы
	Сынып сағаттары
Наурыз	1 наурыз Алғыс айту күні
	8 наурыз – Халықаралық аналар мерекесі
	Ұлттық тәрбие айлығы
	22 наурыз – Наурыз мейрамы
	Мағжан Жұмабаев оқулары
	Көктемгі каникул
Сәуір	Абай, Шәкәрім оқулары
	«Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие айлығы» «Сарбаз – 2024»
	Полиция жас көмекшілері – 2024 жыл
	Сынып сағаттары
Мамыр	1 мамыр халықаралық бірлік мерекесі
	«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдау
	7 мамыр – Отан қорғаушылар күні
	Отбасы айлығы – Отбасы күні
	Денсаулық фестивалі
	Соңғы қоңырау салтанатты мерекесі.
	31 мамыр – Құғын-сүргін құрбандарын еске алу күні
	1 – маусым Халықаралық балаларды қорғау күні
Маусым	4 маусым – ҚР рәміздері күні
	Мектеп бітіру кеші
	Тәрбие жұмысының жылдық қортындысы
	Мектеп жанындағы жазғы сауықтыру алаңының ашылуы.
Шілде	6 шілде – Астана күні.
Тамыз	30 тамыз – Конституция күні.
	Тәрбие жұмысының келесі оқу жылына жоспарлау
	«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы

МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ БОЙЫНША АПТАЛЫҚ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Күн і	1 апта	2 апта	3 апта	4 апта
Дүйсенбі	Хабарламалар Сынып сағаттары Оқушылардың оқу- құралдарын, сырт бейнесі, мектеп ережесінің сақталуы	Хабарламалар Сынып сағаттары Оқушылардың оқу- құралдарын, сырт бейнесі, мектеп ережесінің сақталуы	Хабарламалар Сынып сағаттары Оқушылардың оқу- құралдарын, сырт бейнесі, мектеп ережесінің сақталуы	Хабарламалар Сынып сағаттары Оқушылардың оқу- құралдарын, сырт бейнесі, мектеп ережесінің сақталуы
Сейсенбі	Пед консилиум	Мектепшілік ұйымдар жұмысын бақылау	Дарынды балалармен жұмыс	Қиын балалар тәлімгерлерінің есебі

Сәрсенбі	Ашық есік күні, тәрбие сағаттары, қыздар жиналысы	Ашық есік күні, тәрбие сағаттары, ұлдар жиналысы	Ашық есік күні, тәрбие сағаттары, құқықтық кеңес отырысы	Ашық есік күні, тәрбие сағаттары, ата-аналармен жұмыс
Бейсенбі	Сыныптан тыс жұмыстар, кештер, диспуттар, мерекелік іс-шаралар	Оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін бақылау	Спорттық жарыстар, кездесулер, апталықтар	Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы, үйірме жұмыстарының жүргізілуін бақылау
Жұма	Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының отырысы	Ата-аналар комитетінің отырысы	Сынып жетекшілер жиналысы	Келесі айға жұмыс жоспарын жасау

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

➢ 1 қыркүйек – «Білім күні» ➢ Шымкент қалалық прокуратурасымен бірлескен «Мейірім – жүректен» атты айлық (02.09-04.10.2023ж.) ➢ 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тілім менің – мақтанышым» айлығы (02.09-27.09.2023ж.) ➢ Жергілікті жол полиция департаменті өкілдерімен бірлескен «Абайлаңыз балалар!» айлығы ➢ Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 931 жыл ➢ Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 81 жыл

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«ӨР ТАЛАПТЫ, ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛАН» жобасы 1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» Алғашқы қоңырау салтанатты жиынын өткізу.	Салтанатты жиын Әлеуметтік желіге жариялау ҚББ-ға мәлімет Республикалық челленджи Хэштег: Bilim_quni	ДТЖО	1-қыркүйек
	1-сыныптар: «Мектепке алғашқы қадам»	Сынып сағаты Әлеуметтік желіге жариялау	1 сынып жетекшілері	
	2- сыныптары үшін: «Жазғы каникулдан жарқын естелік», «Менің жазғы демалыстағы көңілді сәттерім»	Сынып сағаты Әлеуметтік желіге жариялау	2 сынып жетекшілері	
	3- сыныптар үшін: «Менің саяхатым», «Менің туған өлкем», «Жазғы демалыста мен жасаған игі іс»	Сынып сағаты Әлеуметтік желіге жариялау	3 сынып жетекшілері	
	4- сыныптар үшін - «Менің үлкен сыныптастарым», «Менің ойларым, армандарым, үміттерім», «Болашақ менің қолымда»	Сынып сағаты Әлеуметтік желіге жариялау	4 сынып жетекшілері	
2	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы 5 қыркүйек – А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тілім менің – мақтанышым» айлығы «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс-тәсілдерін көрсету ашық тәрбие сабағы. 3-4 сыныптар Тілдер мерекесі	Мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс-тәсілдерін көрсету Кездесу, дөңгелек үстел, дебат, Тәрбие сағаттары Әлеуметтік желіге жариялау	ДОЖО О.С.Мырзакулов Тілдер бірлестігі, Сынып жетекшілер, Шымкент қаласының Ішкі саясат және жастар ісі жөніндегі басқармасы Мектеп әкімшілігі	09.09-05.10.2023
3	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы	Аудандық прокуратура және полиция	ДТЖО, Сынып	06.09.2023

	«Мейірімділік жүректен» Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысын өткізу күні «Отбасы- бақыт мекені» отбасы күні	қызметкерлерін қатыстыру. Әлеуметтік желілерде мейірімділік тақырыбында бір мезгілде түрлі жарияланымдар беру	жетекшілер	Кешкі 18.00
4	«ТОҒЫЗ АЙҒА – 9 ІС-ШАРА» жобасы «Сергіту сәті» челленджі – балалардың салауатты өмір салтын насихаттау. Бір мезгілде өткізіледі.	«Сергіту сәті» челленджі #физкультминутка, #зож, #сергітусәті, #явыбираюспорт, #менспорттығандаймын	ДТЖО, ұйымдастырушы, қосымша білім беру педагогы, Сынып жетекшілер, дене шынықтыру пән мұғалімдері	Қыркүйек 08.09.2023ж.
8	«ӨР ТАЛАПТЫ, ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛАН» жобасы «Абайлаңыз, балалар!» «Жолда жүру ережелерін білесің бе?»	Тәрбие сағаты Әлеуметтік желіге жариялау	ИДН қызметкерлері 1-4 сынып жетекшілері	01.09.2023ж 30.09.2024
9	«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН» жобасы «Еңбек түбі – береке» тақырыбында «Еңбек ері» иелері мен еңбек әулеттері өкілдерінің жастарымен және оқушыларымен кездесулерін ұйымдастыру	Кездесулер, дебат. Әлеуметтік желіге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, Әділет департаменті өкілдері	Қыркүйек 24.09.2023ж. Уақыты: 12:00
10	«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН» жобасы 30 қыркүйек – Әділет органдарының күніне орай «Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығын насихаттау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу	Адалдық сағаты, Дебат	ДТЖО Сынып жетекші, Шымкент қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаменті, Еңбек инспекциясы,	28.09.2023ж
11	«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН» жобасы 2-4 сынып «Мейірімділік – асыл қасиет» тақырыбында оқушыларымен тәрбие сағаты, сурет көрмесі	Балалардың бір-біріне деген мейірімділігін арттыру, достық, бауырмашылдық қасиеттерін арттыру. Әлеуметтік желілерде бір мезгілде жариялау	ДТЖО, 2-4 сынып жетекшілері педагог-психологтар	30.09.2023ж 25.09.2023ж

Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы

➢ 1 қазан – Қарттар күні ➢ 5 қазан – Мұғалімдер күні ➢ 25 қазан – Республика күні

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы 1 қазан – Қарттар күні «Қарттарын қадірлеген ел ардақты»,	Қамқорлық акциясы, кездесу, тәрбие сағаты Әлеуметтік желіде жариялау	ДОЖО О.С.Мырзакулов	02.10.2023ж
2	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы Ұстаздар күніне орай «Дублер күні» оқушылардың өзін-өзі басқаруы «Ұстазым, ұлағатым үлгі-өнегем!» ұстаздарға арналған құттықтау	Мәдени-мерекелік шаралар, тәрбие сағаттары Әлеуметтік желіде жариялау Мерекелік іс-шара	ДОЖО О.С.Мырзакулов	05.10.2023ж 06.10.2023ж
4	«ТОҒЫЗ АЙҒА – 9 ІС-ШАРА» жобасы «Әнұран айту» челленджі – білім беру ұйымының қабырғасында білім алушылар мен педагогтардың музыкамен жанды дауыспен Мемлекеттік Гимнді орындауы	«Әнұран айту» челленджі #гимниказахстана, #қазақстангимні, #моляродинаказахстан, #меніотанымқазақстан	Сынып жетекшілер	қазан 23.10.2023ж. Уақыты: 12:00
5	«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ҰРПАҚ» жобасы Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні» «Менің Отаным – Қазақстан» «ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» жобасы	Мәдени-мерекелік шаралар, кездесулер, тәрбие сағаты, Қазақ халқының ұлттық құндылығы	ДОЖО О.С.Мырзакулов	25.10.2023ж

	Қазақ халқының ұлттық құндылығы дәріптеу «Жаңа күн – Жаңа Қазақстан», «Тәуелсіздігіміз – тұғырымыз» ақындар айтысы.	дәріптеу #1ТОҚСАН #АҚЫНДАРАЙТЫСЫ# Әлеуметтік желіде жариялау		
6	«ӨР ТАЛАПТЫ, ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛАН» жобасы 30 қазан- Алкогольмен күрес күні «Нашақорлыққа, алкоголизмге, темекі шегуге жол жоқ!»	Тәрбие сағаты. Әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО, Медбике Сынып жетекшілер	26.10. 2023ж
8	«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН» жобасы «Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығын насихаттау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу	Адалдық сағаты.	ДТІЖО, Медбике Сынып жетекшілер	26.10. 2023ж
10	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы 1-4 сынып оқушылары арасында Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі	ДТІЖО, Медбике Сынып жетекшілер	09.10. 2023ж
12	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы «Мен буллингке қарсымын!» фотосуреттер, қылқалам туындыларынан көрме.	Оқушылар арасында буллингтің алдын алу, суицидті болдырмау, өмір қауіпсіздіктерін сақтау.	ДТІЖО, Медбике Сынып жетекшілер	13.10. 2023ж
13	«ӨР ТАЛАПТЫ, ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛАН» жобасы «Кідіріс жасап, айналаңа қара. Өткенді сараптап, келер күнді бағамда»	1-4 сыныптар	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	12.10. 2023ж 20.10. 2023ж
14	«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ҰРПАҚ» жобасы «Алтын күз» мерекелік іс-шарасын ұйымдастыру «Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу» 1-4 сыныптар	Берекелі алтын күздің сұлулығы Көрме Спорттық іс-шара ұйымдастыру Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшілер Медбике Д/шынықтыру әдіс бірлестігі	03.10. 2023ж 19.10. 2023ж
17	Қазан - Тазалық құндылық айы	Тазалық құндылығына байланысты іс- шаралар жасау.	ДТІЖО Тәлімгер Өзін-өзі басқару ұйымы.	Ай бойы

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

➤ 15 қараша – Ұлттық валюта күні ➤ Күзгі демалыс

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
2	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы Отбасылық челлендж «Мейірімділік отбасынан басталады» «Мейірімділік керуені» ҚХА форумы. 1-4сыныптар «Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар, әлеуметтік медиа челленджерді ұйымдастыру	Ата-аналарының бала тәрбиесіне көңіл бөлуі туралы сәттері жайлы бейнероликке түсіру. Видеороликтерді әлеуметтік желілерге жариялау	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	10.11. 2023ж
3	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы «Теңге – Қазақстанның үміті мен өмірінің символы» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Адал ұрпақ» клубтарымен таныстыру. 2-4 сыныптар, педагогтер	Ұлттық теңге күніне арналған кітаптар көрмесі	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	07.11. 2023ж 09.10. 2023ж
4	«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН» жобасы 1. Ата-аналармен сынып сағаты. «Мейірімділікті өзіңнен баста!». 1. «Үштік одақ» жобасы аясында мектеп, ата- ана және оқушы жұмысы туралы әлеуметтік желілерде ашық есеп беру күні. 2. «Ассамблеясы жастары» жетекшілерінің мектептің өзін-өзі басқару өкілдерімен «Бейбітшілік пен келісім сабақтары» форматында мотивациялық кездесулер өткізу	Әр сыныпқа ата-аналар шақырылып, мейірімділік тақырыбында әңгіме жүргізіледі. Оқушылардың алған әсері туралы әлеуметтік желілерде жариялау.	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	07.11. 2023ж
5	«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН» жобасы «Оян, ар мен адалдық» 1-2 сыныптар; ата-анамның (әкемнің немесе анамның) жұмысының бір күні... » тақырыбында 3-4 сынып оқушыларының таныстырылымдары	Сынып сағатының жоспары Ашық сабақтар	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	09.11. 2023ж

	кейіпкерлерім» 4- сыныптар	Әлеуметтік желілерде жариялау	О.С.Мырзакулов	
13	«ӨР ТАЛАПТЫ, ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛАН» жобасы «Қош, келдің – Жаңа жыл!»	Оқушыларға «Жаңа жыл» мерекесін дәстүрлі емес жолмен мерекені өткізуге үйрету		29.12. 2024ж

Қаңтар – заң және тәртіп айы

➤ Қысқы демалыс

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«ӨР ТАЛАПТЫ, ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛАН» жобасы «Қыс қызығы» тақырыбында сурет көрмесі, « Мамандықтар әлемі... »	Қоршаған ортаның сұлулығы мен тазалығын сақтау. Түрлі мамандықтардың ерекшеліктерін түсіндіру. Кездесу ұйымдастыру.	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	09.01. 2025ж 10.01. 2025ж
2	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы Аудандық прокуратура, полиция өкілдері мен ұстаздармен бірлескен дөңгелек үстел «Заң – қоғамның негізгі тірегі» Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу. 7-10 сыныптар	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу туралы түсінік қалыптастыру	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	11.01.2025 ж
3	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы «Үштік одақ» жобасы аясында ата-аналарға арналған семинар-тренинг. «Менің айтарым бар... » Әскери бөлімдер мен мекемелерде Ашық есік күнін ұйымдастыру және өткізу	Мектеп, ата-ана оқушы арасындағы қарым-қатынасты нығайту, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында ата-әжелерді қонаққа шақыру, әлеуметтік желілерде жариялау	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	12.01. 2025ж
4	«ЕНБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН» жобасы Мектеп оқушыларының педагогтардың еңбек әулеттерімен кездесуі	Кездесулер	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	19.01.2025 ж
7	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы «Дебат» күні! «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық неге өршіп тұр?»	Мектеп акт залдарында пікір сайыстар өткізу әлеуметтік желілерде жариялау	Пед. ұйымдастырушы	16.01. 2025ж
8	Қаңтар: Еңбекқорлық құндылығы айы	Еңбекқорлық құндылығына байланысты іс-шаралар жасау.	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	АЙ БОЙЫ
9	«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы «Кітап оқу сағаты» «Кітап оқу марафоны: ата-ана мен оқушы»	Өмір бойы өзін-өзі жетілдіруге тәрбиелеу. Акция ұйымдастыру Әлеуметтік желіге жариялау	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	Қаңтар
10	«ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА ВЕЙП ТҰТЫНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ» 7-9 сынып оқушыларының «Электрондық темекінің зияны» презентацияларын қорғау	Әлеуметтік желілердегі және мектептердің ресми сайттарындағы жазбалар	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	25.01. 2025ж
11	«БАЛАЛАР-ИНТЕРНЕТ-МЕДИА ҚАУІПСІЗДІК» 1-4 сынып оқушылары арасында «Интернеттегі қауіпсіздік» сынып сағаты, «Қауіпсіз интернет» медиа қауіпсіздік сабақтары	Кәмелетке толмағандарға арналған ағарту шараларының кешенін іске асыру. Әлеуметтік желідегі жазбалар	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	25.01. 2025ж
12	Ата-аналар арасындағы интеллектуалдық сайысы	Сайыс	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	26.01. 2025ж

Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы

➤ 9 ақпан Мұқағали Мақатаевтың туылған күні ➤ 15 ақпан Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күні

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» челленджі – барлық білім беру ұйымдарында бір уақытта білім алушылар өздері таңдаған кітабынан үзінді оқиды және басқа қатысушылармен ой бөліседі	«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» челленджі Әлеуметтік желіге жариялау #оқуғақұштармектеп, #люблючитать, #моялюбимаякнига	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	ақпан 28.02. 2025ж. Уақыты: 12:00
2	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы 1. Құқықтық сауаттылық күні. Оқушылар арасында құқықбұзушылыққа қатысты нормативтік құқықтық актілерді үздік меңгеру. 2. Сынып сағатында тақырыпқа байланысты тележобалар мен деректі фильмдерді көрсету, талқылау. 3. Мектептегі «Адал ұрпақ» клубтары туралы Ережені және олардың жұмыс жоспарын әзірлеу	Оқушылардың Нормативтік Құқықтық АКТ жатқа білуін қамтамасыз ету, Құқықтық сауаттылығын арттыру, заңды іс-әрекетке саналы түрде ұмтылуға баулу.Әлеуметтік желілерде жариялау	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	01.02. 2025ж
3	«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы 9 ақпан – қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың туған күні. М.Мақатаевтың үздік 9 өлеңі	Қазақ поэзиясында үлкен қолтаңба қалдырған ақынның шығармаларынан байқау ұйымдастыру. Тәрбие сағаты	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	08.02. 2025ж
4	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы 15 ақпан – Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күні «Ауған соғысының жаңғырығы» Теріс субмәдениеттердің таралуына жол бермеу және әлеуметтік желілерде, соның ішінде TikTok және Discord-та деструктивті және жағымсыз мазмұнды құруға жол бермеу	Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу ұйымдастыру, тәрбие сағаты, бейнероликтер жасау Әлеуметтік желіге жариялау	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	15.02. 2025ж
5	«ӨР ТАЛАПТЫ, ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛАН» жобасы «Жігіт сұлтаны – 2025» байқауын ұйымдастыру (әкелер мектебі, ағалар мектебімен байланыстыру)	Ата салтын ардақтайтын, өнерін көрсету, тапқырлық пен жағдаяттан шығу қабілетін шыңдау.	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	16.02. 2024ж
6	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы 1. Құқық қорғау және әскери қызметкерлерімен кездесу күні «Ұранды елдің - ұрпағы қайсар» 4. «Мен-Отан қорғаушымын!» 5. Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы сынып сағаты.	Патриоттық тәрбие. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, құқықтық сауаттылықтарын арттыру және әлімжеттікті болдырмау.	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	05.02. 2024
7	«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН» жобасы Еңбек ардагерлерінің үйіне барып қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру	Қайырымдылық акциялары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекші Тәлімгер	12.02. 2024ж
	«ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» жобасы 1.«Ұлттық өнер» көрмесі. Ұлттық өнерді, халық шығармашылығы мен қолөнерді дамыту 2.«Бес табан» ойыны, «Бес асық» ойыны	Ұлттық өнерді, халық шығармашылығы мен қолөнерді дамыту #ЗТОҚСАН #ҰЛТТЫҚ ӨНЕР# Әлеуметтік желілерде жариялау	Шебер қолдар ү.ж- Чиналиева Д	19.02. 2024ж
8	«БАЛАЛАР-ИНТЕРНЕТ-МЕДИА ҚАУІПСІЗДІК» «Балалардың көзімен қауіпсіз компьютер», «Интернет желісіндегі бот бағдарламалардың болуының әлеуметтік салдары», «Интернет желісінде жасөспірімдердің алаяқтық мәселелері», «Компьютер және балалардың денсаулығы», «Нейрокомпьютер және оларды қолданудың: зияны мен пайдасы», «Компьютердің адамға әсері»	8-11 сынып оқушылары үшін ғылыми жобалар мен зерттеу жұмыстарының конкурсы. Марапаттау рәсімі Әлеуметтік желіге жариялау	ИФМ бірлестігі Мектеп психологы Сынып жетекшілері	22.02. 2024ж
9	«ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА ВЕЙП ТҰТЫНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ» «Вейптерден бастартудың 10 себебі» Маман кеңесі	Оқушылар мен олардың ата-аналарына арналған жадынамалар мен буклеттер шығарылымы	Медбике Биолог мұғалімдер- Шаханова Ұ	29.02. 2024ж
10	Ақпан-Кемелдену құндылығы АЙЫ	Кемелдену құндылығына байланысты іс-шаралар жасау.	ДТДЖО Тәлімгер Өзін-өзі басқару ұйымы	Ай бойы

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«ӨР ТАЛАПТЫ, ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛАН» жобасы Сыйластық құндылығын арттыру, үлкен-кішіге деген сүйіспеншілік, сыпайылық қарым-қатынасын күшейту. 1 -Наурыз «Алғыс айту» күні	Тәрбие сағаты, дөңгелек үстел. Әлеуметтік желіге жариялау	Өзін-өзі басқару 1-4 сынып жетекшілері	01.03. 2024ж
2	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы Қауіп-қатерлер орын алған жағдайда, оның зардаптарынан, басқа төтенше жағдайлардан қорғану құқығын түсіндіру. 1 наурыз – Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні.	Сейсможаттығулар. Әлеуметтік желіге жариялау.	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	01.03. 2024ж
3	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы Қыздарымызға тән сұлулық, ибалылық, рухани байлық, ар тазалығы туралы құндылықтарды сіңіру. «Әлемнің жарығын, сыйладың сен маған..» Сынып сағаты «Ана – гүл, Ана – жыр, Ана – өмір шуағы » 1-4-Наурыз мерекелік кеш «Бұрымды бойжеткен» байқауы	Ата-аналар қауымымен тығыз қарым-қатынас қалыптастыру.Концерттік бағдарлама, тәрбие сағаты.	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	07.03. 2024ж
4	«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Достық, мейірімділік» тақырыбындағы үздік кітап оқушы сайысын өткізу күні «Мейірімділік – рухани жан байлығы» Сынып сағаты	Оқушылардың кітап оқуға деген құштарлығын арттыру, әлеуметтік желілерде жариялау	Сынып жетекшілер	11.03. 2024ж Тәрбие сабақтарында
5	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы «Домбырашылар» челленджі ұйымдастыру «Сарыарқа», «Балбырауын», «Адай» күйлері	«Домбырашылар» челленджі #қазақкүйі #домбырашылар #домбристиказахстан #күйойнайдытөрімде Әлеуметтік желілерде жариялау	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	11-20.03. 2024ж
6	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы «Нашақорлық пен маскүнемдіктің себептері мен салдары» пікірталас. «Ертеңінді ойласаң, есірткіге жолама» тақырыбында дебат	Адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған есірткінің, темекінің зияны туралы құндылықтарды сіңірту. Әлеуметтік желіге жариялау	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	13.03. 2024ж
7	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы «Армысың, Әз-Наурыз!» оқушылар мен ата-аналар арасында мерекелік іс-шара ұйымдастыру. - Салт-дәстүрлер - Ұлттық ойындар	Халқымыздың салт-дәстүрлерін қастерлеуге, сақтауға тәрбиелеу. Әлеуметтік желіге жариялау	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	15.03. 2024ж
8	«ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ» жобасы Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қатысуымен «Көңілді старттар» спорттық іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу. 4-7 сыныптар	Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Жарыстар ұйымдастыру Әлеуметтік желіге жариялау	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	04.03. 2024
9	«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН» жобасы Еңбек нарығында қазіргі уақытта сұранысқа ие және таяу болашақта сұранысқа ие болатын мамандықтар туралы хабардар ету мақсатында 9-11 сынып оқушыларын Қазақстан Республикасындағы жаңа кәсіптер мен құзреттер атласы туралы ақпараттандыру	Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	14.03. 2024ж
10	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы Теріс субмәдениеттердің таралуына жол бермеу және әлеуметтік желілерде, соның ішінде TikTok және Discord-та деструктивті және жағымсыз мазмұнды құруға жол берме. 4- сыныптар	Мектеп парламенттері басшыларының саммиттері	ДОҒЖО О.С.Мырзакулов	12.03. 2024ж

11	«ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА ВЕЙП ТҰТЫНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ» Жоғары сынып оқушылары үшін бірыңғай ата-аналар жиналысын өткізу	Тұжырымдама	ДТЖО Қ.Әбу Ата-аналар комитеті	18.03. 2024ж
12	«БАЛАЛАР-ИНТЕРНЕТ-МЕДИА ҚАУІПСІЗДІК» «Отбасының Ақпараттық қауіпсіздігі» тренинг	Балалар мен ата-аналарға арналған тренинг бағдарламасы	Психолог Информатика пәні мұғалімі	01.03. 2024ж

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

➤ 12 сәуір -- Ғылым күні

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы Ғылыми жаңалықтардың маңызын түсіне білу қабілеттерін дамыту. 12 сәуір «Ғарышкерлер күні»	Суреттер көрмесі. Әлеуметтік желіге жариялау	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	12.04. 2024ж
2	«ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» жобасы «Туған өлкем» фестивалі. Халықтың дәстүрлері мен өнері, туризм-спорт бағыттары «ZHASYL EL», «EKO-BOLASHAK», «GREEN OASES», «Туған жердің бояулары»	Халықтың дәстүрлері мен өнері, туризм-спорт бағыттары 4 ТОҚСАН ТУҒАН ӨЛКЕМ	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	10.04. 2024ж
3	«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. «Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» ата-аналармен бірлескен іс-шара	Ұйымшылдыққа, жауапкершілікке баулу. Әлеуметтік желіге жариялау	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	08.04. 2024ж
4	«ҰРПАҚҚА АМАНАТ» жобасы «Әкелер күні» Халықаралық мерекесі шеңберінде «Менің әкем – жақсы адам»	Ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екендігін ұғындыру. Әлеуметтік желіге жариялау	ДОІЖО О.С.Мырзакулов	12.04. 2024ж
